

Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясы
Қамқоршылық кеңес отырысы
Хаттамма №4

Күні: 01.04.2022ж

Қатысқандары: 16

Қатыспағаны: 4

Шақырылғандар: Қайржанова А.З., мектеп директоры

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жұмыстары
2. Мектеп инспекторы Ибатова А.М. жылдық жоспарымен таныстыру.

Тыңдалды:

Әлеуметтік оңалту - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелері жүзеге асыратын арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж кәмелетке толмағанды құқықтық, әлеуметтік, дене бітімі, психикалық, педагогикалық, моральдық және (немесе) материалдық жағынан қалпына келтіруге бағытталған шаралап кешені;

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу (бұдан әрі – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы) - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алуға. Оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған, кәмелетке толмағандармен, кәмелетке толмағандардың оларды тәрбиелеу, оқыту немесе бағып—күту жөніндегі міндеттерін орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналарымен немесе басқа да заңды өкілдерімен, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартып жүрген өзге де адамдармен жеке профилактикасы шараларын қоса жүзеге асыратын құқықтық, педагогикалық және өзге де шаралар жүйесі;

Мектеп инспекторы Ибатова А.М. жылдық жоспарымен таныстырып оқушылардың құқық бұзушылықты алдын алу мақсатында көптеген жұмыстар атқарылды. Оқушылармен түрлі кездесулер жүргізілді.

Қабылданған қаулы: Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары ары қарай жүре берсін. Мектеп инспекторының жұмысына қолдау керсетілсін.

Төрайым:
Хатшы:



Кузнецова Д
Сарсенбай Г